

Әбдиева Р.С., Омарова Б.Ә.

**Баспалық консорциум жүйесін
жаңғырту аясында дуальды
кәсіби білім беруді дамыту**

Abdieva R.S., Omarova B.A.

**A system of dual model of
education**

Әбдиева Р.С., Омарова Б.Ә.

**Развитие системы дуальной
модели образования**

Мақалада оқытудың дуалдық моделі – бизнестің, болашақ білікті маманның және мемлекет мүддесінің біріктірілуіне алып келетіні жайлы өзекті мәселелер қарастырылды.

Түйін сөздер: дуальді оқыту, инновациялық технологиялар, ғылыми интеграция, өндіріс, білім беру жүйесі, бәсекелестік, біліктілік.

The article discusses the system of dual model of education that promotes the preparation of competitive, qualified professionals.

Key words: dual education, innovative technologies, scientific integration, manufacturing, education system, competitiveness and competence.

В статье рассматривается система дуальной модели образования, способствующая подготовке конкурентоспособных, квалифицированных специалистов.

Ключевые слова: дуальное образование, инновационные технологии, научная интеграция, производство, система образования, конкурентоспособность, компетентность.

**БАСПАЛЫҚ
КОНСОРЦИУМ
ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ
АЯСЫНДА ДУАЛЬДЫ
КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДІ
ДАМУ**

Интеграция мен ғаламдастыру қатар жүріп келе жатқан бүгінгі таңда жоғары оқу орындарындағы білім берудің сапасы мен-деңгейін жан-жақты көтеріп, жаңаша ойлайтын, оқыту мен тәрбиенің жаңа технологиясын күнделікті жұмысында қолдана отырып студенттерге сапалы білім беру өте маңызды мәселе екені белгілі.

Осындай өзекті мәселе түйінін шешуде дуалдық оқыту жүйесі – кадрлар даярлаудың тиімді әрі жаңаша тәсілі болып табылады. Оның ерекшелігі – кәсіптік оқытудың көп бөлігі оқу орнында емес, мекемеде немесе өндіріс жағдайында өтетіндігінде. Яғни, дуальды жүйенің негізі – оқу орны мен өндірісте қатар оқыту, яғни, теория мен өндірісті ұштастыру. Дуальды оқытуда теория мен практиканың өзара байланысы жүзеге асырылып, болашақ маманның өндірісте бірден жұмысқа кірісіп кетуіне жағдай жасалады және жұмыс берушілер дайын мамандарға ие болады.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман даярлау. Елбасы дамыған мемлекеттер мен артта қалған мемлекеттер арасындағы айырмашылық – ғылым мен технология екендігіне назар аудара отырып: «Біз елімізді қуатты, дамыған ел ретінде көргіміз келеді. Ғылымды игерсек – мықты мемлекет боламыз, игермесек – елдің соңында қалмақпыз. Бұл болашақ саясатының мәселесі», – деген болатын.

Дәуір талабына сай ұйымдастырылған ҚазҰУ- да трансферт пен жаңа технологиялар құруға ықпал ететін инновациялық-интеллектуалдық кластер қалыптастыра алатын қуатқа ие.

ҚазҰУ да үнемі шетелдік үздік ғалым-мамандар келіп дәріс оқитын және дамыған технопарк жүйесі бар әлемдік деңгейдегі зерттеу орталығына айналууда. Бұл ҚазҰУ-дың жаңа құрылымға бейімделе бастауы десек, ол тың инновациялық нәтижелерге, ғылыми жетістіктерді нақты түрде өндіріске енгізуге жол ашып, заман талабына жауап беретін зерттеу университеттерін қалыптастыруға үлгі.

Университетіміздің баспа ісі бойынша білім беру жүйесі өзінің өмір сүру уақытының барлық кезеңдерінде де заманының талабына сай маман даярлау жұмысымен шұғылданып келеді. Егеменді ел атанып, нарықтық экономика жүйесіне көшкеннен бері білім беру жүйесінің бұл саласы нарық сұранысына

жауап бере алатын, жаңа технологияларды меңгерген, білікті маман даярлау ісін қолға алып қызмет етуде. Бұл орайда мемлекет пен елбасы тарапынан да көптеген маңызды міндеттер мен оларды шешу жолдары ұсынылды. Елбасы Н.ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында «... ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек» деп атап көрсеткен болатын.

Қазіргі кезде біздің баспагер-педагогтардың әдістемелік қызметінің басты мақсаты – инновациялық технологияларды енгізу арқылы білімді жаңғырту. «Инновациялық баспа» ұғымы баспагер кадрлар даярлауда тек қана білім берудің жаңа әдістері мен технологияларын емес, сонымен қатар болашақ баспагердің еңбек ету қабілеттілігін арттыруда маңызды рөлге ие – еңбек процестерінің жаңа технологияларын меңгерту болып саналады. Бұл орайда тек қана кәсіби шебер педагог қана емес, жұмыс беруші де бірлесе отырып шешетін мәселелер баршылық.

Осы кезеңге дейінгі уақыт көрсетіп келгендей баспагерлер жұмысқа орналасу қиындығын бастан кешірді, кейбір мамандар сұранысқа ие болмайды. Осындай өзекті мәселе түйінін шешуде дуальды оқыту жүйесі – кадрлар даярлаудың тиімді әрі жаңаша тәсілі болып табылады. Оның ерекшелігі – кәсіптік оқытудың көп бөлігі оқу орнында емес, мекемеде өтетіндігінде. Аталған жүйе бойынша білімгер өз уақытының 70-80%-ын тікелей өндірісте, тек 20-30%-ын ғана оқу орнында өткізуді көздейді. Дуальды модель – бизнес, болашақ маман және мемлекет мүддесінің біріктірілуі. Бұл жүйе Германия, Австрия, Дания, Швейцария елдерінде өз нәтижелерін беруде.

Дуальды оқыту арқылы жұмыс беруші талабын қанағаттандыратын кадрлар даярланады және оларды даярлау әлемдік деңгейге дейін көтерілмек. Бұл орайда әлеуметтік серіктестік маңызды рөл атқаруы тиіс, яғни нақты өндіріс мекемесі өзіне қажетті маман даярлауға қызығушылық танытып, атсалысуы тиіс. Бұл дегеніміз – дуальды оқыту жүйесін енгізу мүмкіндігі бар мекемелерде өндірістік машықтан өтуге арнап баспагер студенттерге шеберханалар дайындау. Жұмыс берушілермен ынтымақта болу – оқушылардың өндіріске қажетті білім, білік дағдыларын және еңбекке орналасуға деген икемділігін арттыру деген сөз.

Баспа ісі мамандығы бойынша оқытуда дуальды жүйесін қолдану тәжірибесінің дәстүрлі жүйеден келесідей артықшылықтары бар:

- дуальды жүйе оқытудың дәстүрлі жүйесінің негізгі кемшілігін – теория мен тәжірибенің арасындағы алшақтықты жояды;

- дуальды білім беру жүйесінің механизмінде кәсіби маманның жеке тұлғасына әсер ету, болашақ маманның жаңа психологиясын жасау жатыр. Студенттерде білім алу мен дағдыға ие болуға үлкен мотивация туады, себебі олар өздерінің кәсіби сапасының жұмыс орнындағы функционалды міндеттерді орындаумен тікелей байланысты екендігін сезінеді;

- жұмыс берушімен тығыз байланыстағы оқу орны болашақ мамандарға қойылатын талаптарды әрдайым ескеріп отырады;

- жұмыс берушілер өздерін кәсіби-функционалды құзыреттілігі жоғары, білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесін оңтайлы шешеді.

Осы мәселеге жаңаша мән беріп, яғни серіктестіктер сұранысын қанағаттандыру, түлектерді толықтай жұмыспен қамту мәселесін шешу мақсатында консорциум жасағанымыз дұрыс.

Ғылым, білім және өндірістің нақты интеграциялануы мақсатында ҚазҰУ-дың баспа екі мамандығы да баспалық ғылыми-өндірістік және халықаралық ғылым-білім консорциумдарын құрғаны жөн.

2015-2020 жылдарға арналған баспалық индустрияландырылу картасы мен 2020 жылға дейінгі баспалық өндірістік қуаттардың тиімді орналастырылу сызбасын дайындау қажет. Бәрімізге белгілі, инновациялық индустрияландырудың мақсаты, кәсіпкерлік пен мемлекеттің күшті біріктіру болып табылады, демек елдің үдетілген индустрияландыруы туралы мембағдарлама баспа кәсіпкерлігіне айтарлықтай пайда болады. Біздің елдегі, баспа кәсіпкерлігінің негізгі проблемасы әрдайым қаражаттың тапшылығы болғандықтан, мембағдарламада жобаларды жеңілдетілген қаржыландырулар жасалуда. Мысалы, Алматыда кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған «Бизнес-өрлеу» II республикалық байқауы жариялануда. Бұл бағдарлама ең алдымен экономиканың басты салаларындағы жоғары технологиялы және бәсекелестікке лайықты өндірістік бизнес-бастамалар үшін тиісті жағдай жасап, мемлекеттік ресурстық және қаржылық қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін болады.

Біліктіліктің кең ауқымы мен бәсекеге қабілетті машықтарына ие жаңа үлгідегі мамандарға деген ерекше сұранысты үдемелі индустриалдық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының ауқымды жобалары арқылы да табуымызға болады. Ол үшін бәсекеге қабілетті баспагер кадрларды даярлауда дуальды білім бе-

рудің корпорациялық үлгісін практика жүзінде іске асырғанымыз абзал. Бұған салалық әріптестікті қалыптастыруда аянбай еңбек ететін кәсіби қауымдастықтар да көмектесе алады.

Интеграция мен ғаламдастыру қатар жүріп келе жатқан бүгінгі таңда жоғары оқу орындарындағы білім берудің сапасы мен-деңгейін жан-жақты көтеріп, жаңаша ойлайтын, оқыту мен тәрбиенің жаңа технологиясын күнделікті жұмысында қолдана білетін ұстаздардың ғана жұмысы жемісті болмақ. Сондықтан қазіргі заманауи жағдайда білім берудің болашағы қо-

ғамның даму үдерісімен, білімнің ғылыми интеграцияға ұмтылуымен көрінеді.

Студенттің біліктілігін жетілдіру – білім беру үдерісіндегі басты міндет. Біліктіліктің кең ауқымы мен бәсекеге қабілетті машықтарына ие жаңа үлгідегі мамандарға деген ерекше сұранысты үдемелі индустриалдық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының ауқымды жобалары арқылы да табуымызға болады. Ол үшін бәсекеге қабілетті баспагер кадрларды даярлауда дуальды білім берудің корпорациялық үлгісін практика жүзінде іске асырғанымыз абзал.

Әдебиеттер

- 1 Айтуганов, И. М. Взаимодействие учебных заведений и предприятий как компонент интеграции профессионального образования и производства / И. М. Айтуганов, Ю. А. Дьячков, Е. А. Корчагин и др. // Казан. пед. журн. – 2009. – №2. – С. 3–9.
- 2 Петров, Ю. Н. Дуальная система инженерно-педагогического образования – инновационная модель современного профессионального образования / Ю. Н. Петров. – Н. Новгород, 2009. – 280 с.
- 3 Смирнов, И. П. Новые принципы организации начального профессионального образования. Переход к открытой системе в условиях рынка труда / И. П. Смирнов, В. А. Поляков, Е. В. Ткаченко. – М. : Аспект, 2004. – 32 с.
- 4 Чапаев, Н. К. Интеграция образования и производства: методология, теория, опыт / Н. К. Чапаев, М. Л. Вайнштейн. – Челябинск : Изд-во ЧИРПО ; Екатеринбург, 2007. – 408 с.
- 5 Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года № 1118 zakon.kz
- 6 Стратегический план Министерства образования и науки Республики Казахстан на 2011-2015 годы // zakon.kz/141156-zakon-respubliki-kazakhstan-ot-27.html
- 7 Родиков А.С. Некоторые аспекты профилизации образовательных услуг дуальной системы европейского образования // Вестник Военного университета. – 2010. – № 3 (23). – С. 41-46.
- 8 Кузембаев С.Б., Альжанов М.К. Специфика перехода на кредитное образование // Современное общество, образование и наука. – Тамбов: Изд-во ТРОО «Бизнес-наука-общество», 2012. – С. 85, 86.
- 9 Система технического и профессионального образования в Германии // rnm.kz/Default.aspx?tabid=442&language=ru-RU.
- 10 Кузембаев С.Б., Альжанов М.К. и др. Перспективы дуального образования // Техническое и профессиональное образование // bilimstat.edu.kz.

References

- 1 Aituganov, IM interaction of educational institutions and enterprises as a component of the integration of vocational education and production / IM Aituganov, YA Diachkov, EA Pavel et al. // Kazan. ped. Zh. – 2009. – № 2. – S. 3-9.
- 2 Petrov, N. Dual System engineering and teacher education – an innovative model of a modern vocational education / Yuri Petrov. – N. Novgorod, 2009. – 280 p.
- 3 Smirnov, IP a new way of initial vocational training. The transition to an open system in terms of the labor market / IP Smirnov, V. Polyakov, EV Tkachenko. – Moscow: Aspect, 2004. – 32 p.
- 4 Chapaev, NK integration of education and production: methodology, theory, experience / NK Chapaev, ML Weinstein. – Chelyabinsk Univ chirp; Ekaterinburg, 2007. – 408 p.
- 5 State Program for Development of Education of the Republic of Kazakhstan for 2011-2020. Approved by Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated December 7, 2010 № 1118 zakon.kz
- 6 Strategic Plan of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2011-2015 // zakon.kz/141156-zakon-respubliki-kazakhstan-ot-27.html
- 7 AS Rodikov Some aspects of educational services profiling dual system of European obrazova-niya // Bulletin of the Military University. – 2010. – № 3 (23). – S. 41-46.
- 8 Kuzembaev SB, Alzhanov MK The specifics of the transition to credit education // Modern society, obrazova-nie and science. – Tambov Univ Trooz «Business-science-society», 2012. – S. 85, 86.
- 9 The system of technical and vocational education in Germany // rnm.kz/Default.aspx? tabid = 442 & language = ru-RU.
- 10 Kuzembaev SB, Alzhanov MK and others. Prospects // dual education Technical and vocational obra-zovanie // bilimstat.edu.kz.